

6. 1992 жылғы 4 шілдеде қабылданған ҚР Заңы «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002500>. Б. 4.
7. Гражданское право: учебник. Часть II / Под ред. А.П. Сергеева, Ю.К. Толстого. – М.: Проспект, 1997. – С. 112.

## REFERENCES

1. Mukasheva K.V., *Juridicheskie lica. V kn. Aktual'nye voprosy kommercheskogo zakonodatel'stva v Respublike Kazahstan i praktika ego primeneniya. Materialy seminarov. Tom 1. Almaty, Adilet Press, 1996, 35, 55 (in Russ).*
2. QR Azamattyq Kodeksi 1994 zhyly 27 zheltoqsanda qabyldanqan 24 sauir 2016 zh. ozgerister men tolyqtyrularmen. [http://online.zakon.kz/m/document/?doc\\_id=51006061](http://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=51006061), 14, 5 (in Kaz).
3. Kommerciyalıq emes uymdar turaly QR 2001 zhylqy 16 kantardagy Zany 2016.08.04. berilgen ozgerister men tolyqtyrularymen. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51021519#](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021519#), 2 (in Kaz).
4. Muhamedzhanov B., Isenov M., *Malyj biznes trebuet uvazheniya. Kazahstan. jekonomika i zhizn'. 2007, 2, 14 (in Russ).*
5. Basin Ju.G., *Juridicheskie lica po Grazhdanskomu kodeksu Respubliki Kazahstan. ponjatie i obshhaja harakteristika. Almaty, Adilet Press, 1996, 117 (in Russ).*
6. 1992 zhylqy 4 shildede kabyldanqan QR Zany Zheke kasipkerlikti qorqau zhane goldau turaly. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z920002500>, 4 (in Kaz).
7. *Grazhdanskoe pravo. Uchebnik. Chast' 2. Pod red. A.P. Sergeeva, Ju.K. Tolstogo. M., Prospekt, 1997, 112 (in Russ).*

ӘОЖ 342.56(574)

**А.С. РАМАЗАНОВА, Р.Н. УАЛИ**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘДІЛ СОТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы әділ сотты жүзеге асыру қағидаларының мәселелері, биліктің тармақтарға бөліну қағидасы қарастырылған. Авторлар осы сұрақтарды зерттеген ғалымдардың және тәжірибе саласындағы мамандардың пікірін қарастырып, Қазақстан Республикасындағы әділ сотты жүзеге асырудағы негізгі қағидалардың мәселелеріне қатысты кейбір шешімдерді ұсынып отыр.

**Түйін сөздер:** сот билігі, әділ сотты жүзеге асыру, адам құқықтары, судья тәуелсіздігі.

**ПРОБЛЕМЫ ПРИНЦИПОВ ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ В  
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

В статье рассматриваются проблемы принципов отправления правосудия, вопросы принципа разделения властей в Республике Казахстан. Авторы, рассматривая мнения ученых и практиков по данному вопросу, предлагают некоторые пути решения

проблем основных принципов в процессе отправления правосудия судами в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** судебная власть, отправление правосудия, права человека, независимость судьи.

#### PROBLEMS OF THE PRINCIPLES OF ADMINISTRATION OF LAW IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article discusses the problem of the principles of justice, questions of separation of powers in the Republic of Kazakhstan. The authors, examining the views of scholars and practitioners on this issue, offer some solutions to the problems of the basic principles in the administration of justice by the courts in the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** judicial authority, administration of law, human rights, independence of the judge.

Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін алғаннан бері билік жүйесіндегі сот билігі ерекше орын алуда, себебі ол мемлекеттік органдардың, заңды және жеке тұлғалардың әртүрлі дауларын, мәселелерін шешудегі тәуелсіз органы болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы бүгінгі күні жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі мақсаты – бұл сот билігінің білікті, мықты және де тәуелсіз болуы деп анықталған, себебі бұл жағдай азаматтардың құқықтық санасына, сеніміне үлкен әсерін тигізуде және де азаматтардың, заңды тұлғалардың заңды құқықтарын, бостандықтарын, мүдделерін халықаралық деңгейде, мемлекетіміздің ішінде толығымен қорғаған жағдайда ғана демократиялық құндылықтың негізгі қағидасы ол заңның басымдылығы туралы айтуға болады.

Құқықтық және демократиялық мемлекеттің басты бағыттарының бірі соттық биліктің тәуелсіз дамуы және қызмет етуі, құрылуы болып табылады. Мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі (заң шығарушы, атқарушы және сот билігі) және заңның үстемдігі, осындай екі негізгі қағидалар мемлекеттің тірегіндегі қалаушы ұғымдар болып табылады. Егер мемлекеттік билік механизмінде соттық билік органдары лайықты орын алмаса, онда заңның үстемдік ету қағидасы соңына дейін жүзеге аспайды. Соттық биліктің автономдық және тәуелсіз жағдайы оның жұмыс істеуіне және қайта құрылуына қажет.

Жаңа соттық-құқықтық жүйенің тұрақталуы үшін мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанынан бері талай шаралар жасалды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында дамыған елдердің тәжірибесіне қарап, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін, сот және сот жүйесін қамтамасыз ету үшін тиімді механизмдер енгізілуде. Бірақ сот билігінің ұйымдастыру негіздерінің және сот өндірісінің жетілдіру саласында жасалған шараларға қарамастан, әлі де біздің мемлекетімізде сот реформасы одан ары даму барысында және ол сала толық қалыптасты деп айтуға әлі ерте сияқты. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстан

Республикасындағы әділ сотты жүзеге асырудағы негізгі қағидалардың теориялық және тәжірибелік мәселелерін қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр, себебі қандай болмасын мемлекетте азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары, мүдделері толығымен қорғалуы тиіс.

Бәріне мәлім, судьялардың тәуелсіздігі дегеніміз ол қылмыстық, азаматтық істерді судьямен қарастыру, шешу барысында ешкімнің де кірісуге құқығы жоқ екенін білдіреді. Судьяға ешкімнің де әділ сотты жүзеге асыруда ешқандай нұсқау, ұсыныс білдіруге құқығы жоқ. Конституциялық деңгейде де соттың қызметіне әділ сотты жүзеге асыруда қандай болсын іске араласуға құқығы жоқ және араласқан жағдайда жауапкершілікке тартылуға тиіс деп белгіленген. Сондықтан бұл жерде айта кететін бір жайт, жақсы заңдардың қабылдануы бұл әр құқықтық қатынастардың субъектілеріне іс-қимыл ережелері, қызметіндегі қағидалары болып қалыптасады деп айтуға кепілдік бермейді. Сонымен қатар қандай болмасын құқықтық ұстанымдар әр адамға, әр мемлекеттік қызметкерге, кәсіпкерге, лауазымды адамға ішкі заңы болып қалыптасуы үшін, адамның қандай болмасын құқығы бұзылған жағдайда, өз құқығын қорғау үшін сот жүйесіне жүгінуге болатынын ұғынуға тиіс. Осындай жағдайда ғана толығымен құқықтық мемлекет, демократия туралы сөз қозғауға болады.

Заң әдебиеттерінде әділеттілік қағида тәріздес сот билігінің конституциялық-құқықтық қағидасы кең түрде зерттелген. Жалпы түрде олар: оқу әдебиеттерінде конституцияда немесе одан таралатын негізгі құқықтық ойлар немесе басқарушылық, сот билігін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметі мен ұйымдастырылуын айқындайтын алғашқы ережелер, немесе осы мемлекеттік қызмет түрінің маңызды жақтары. Өзіндік байланыс пен жинақтылығында олар сот әділдігін реттейтін нақты барлық заңнамалық нұсқамаларға тірек ретінде, әр буын әділдіктің барлық жақтарын немесе оның бір жағын сипаттайтын бірыңғай тізбегін, жүйесін құрайды.

Сот әділдік қағидасы сот билігінің функционалдық аспектісін көрсетеді, себебі сот әділдігі бұл – құқықтық дауларды шешуге арналған соттың қызметі. Сот билігінің конституциялық-құқықтық қағидасы ҚР Конституциясында бекітілген алғашқы бастаулары, олардың негізінде сот органдар жүйесі ұйымдастырылып және де сот билігі жүзеге асырылады.

Әділдік қағидалар азаматтарға, ұйымдарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік органдар мен заңды бұзушылықтардан сақтауға немесе тікелей орындауға лауазымды тұлғаларға, сонымен қатар Президент үшін конституцияның мызғымастық кепілі түрінде, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және де сот билігінің тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге міндетті. Парламент жаңадан заң шығару кезінде немесе қолданыстағы заңға өзгерістер енгізген кезде, сот әділдігі аясындағы дәстүр және

демократиялық талаптарға сай өз қызметін жүзеге асыруға, ал Конституциялық кеңес өз қызмет аясында соттың міндеттерін өз қолына алмауы тиісті деп бекітеді.

Сот билігінің конституциялық-құқықтық қағидалары қылмыстық іс жүргізушілік және де азаматтық іс жүргізушілік заңнамаларында өз дамуын алуда, олардың қатарына көбінесе мыналарды жатқызады: заңдылық; сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады; сот төрағаларының тәуелсіздігі; сот әділдігін заң мен сот алдындағы теңдік бастауларда жүзеге асыру; азаматтардың сот қорғауында болуын қамтамасыз ету; тараптардың теңдігі мен бәсекелестігі; кінәсіздік презумпциясы; сот істерінің ашықтығы мен жариялануы; сот талқылауының ауызша және тікелей болуы; сот ісін жүргізудегі мемлекеттік тіл; сот әділдігін жүзеге асыруда азаматтардың (халық өкілдерінің) қатысуы; соттың біліктілігі және алаалықсызы; сот әділдігін жүзеге асыру кезіндегі адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; сот ісін жүргізу кезіндегі тұлғаның абыройы мен ар-намысын қорғау. Кейбір авторлар жоғарыда айтылған қағидалар қатарына іс жүргізудің ашықтылығын, куәгерлік иммунитетін, сот шешімдерін ашық түрде қайта қарауын, жәбірленушілердің құқықтары немесе қорғалуын қамтамасыз етуді жатқызады. Соңғы қағиданы В.Е. Чиркин мемлекеттің жәбірленушіге келтірген зиянды қалпына келтіруді, соттың қателігі үшін мемлекеттің жауаптылығы ретінде түсіндіреді [1].

Сонымен қатар Халықаралық құқықта да негізгі қағидалар қалыптастырылған, олардың негізінде сот билігі құрылуы тиіс.

Дербес жағдайда, қылмысты алдын алу және құқық бұзушылық жасаған тұлғалармен жұмыс жасаумен байланысты БҰҰ УП Конгресі сот органдардың тәуелсіздігі және де олардың БҰҰ-ға кіретін мемлекеттерде тиімді жүзеге асыру рәсімінің негізгі қағидаларын қабылдады.

Осы қағидалар қатарына мыналарды жатқызуға болады: сот органдарының тәуелсіздігінің кепілдігі және олардың Конституцияда немесе мемлекет заңдарында бекітілуі; сотқа берілген істердің шешімі қандай да бір жақтардың араласусыз немесе қатерсіз, бейтарап, заңға және фактіге сай, ешбір шектеусіз, заңсыз әрекетсіз, талапсыз, қысымсыз шығарылуы; сот әділдік үрдісіне санкциясыз немесе заңсыз араласуды болдырмау, сот шешімдерін қайта қарауға заңда көзделген жағдайда ғана жол беріледі, оңсыз тыйым салынады; әрбір тұлғаның жалпы сотта немесе орнатылған заңгерлік рәсімді қолданатын трибуналдарда сот ісін талқылауға құқығы бар, қалыпты соттың қызметтік бабын айырбастау мақсатында трибуналды құруға жол бермеу; сот талқылауын әділетті жүргізу; соттарға олардың қызметтік міндеттерін лайықты түрде атқару үшін қажетті қаражат мөлшерін бөлу. Сонымен қатар сот кадрларын іріктеп алу, олардың квалификациясын, қызметтік жағдайы мен судьялар өкілдік ету мерзімін, жоғары мәртебесін қамтамасыз ету және тағы сол сияқты шаралар

дамытылған.

Кенес кезеңіндегі заң әдебиеттерінде жоғарыда аталған көбісімен бірге таңдау, сот органдарының есеп берушілігі, алқаластық, социалистік интерұлтшылдығы және тағы да басқа қағидалар аталған болатын [2].

Қазіргі кезде қағидалардың екі түрге бөлінуі ең қарапайымы болып келеді:

- сот жүйесінің ұйымдастырылуы қағидалары;
- оның әрекет ету қағидасы.

Дәстүрлі түрде сот қызметінің қағидаларына мыналарды жатқызады: жариялық, сот талқылауының ашықтығы; жақтардың теңдігі мен үрдістің бәсекелестігі; заңда көзделген жағдайларда ғана шартты түрде қылмыстық сот ісін жүргізуіне рұқсат беріледі, қалған жағдайларда тыйым салынады; судьялардың тек қана заңмен байланыста болуы; алқа төрағаларының үрдіске қатысуы және тағы да сол сияқты [3].

Алайда қағидаларды қандай да бір топқа жатқызылуындағы авторлардың осы мәселе бойынша көз қарастары бірікпейді. Авторлардың көбісі судьялардың тәуелсіздігін оның өзгермеушілік, иммунитет, лауазымда болған уақыт аралығындағы өтемақының азаймауы, сот билігінің қаржылық дербестігі мен өкімшілік кепілдігі ретінде бірінші топтағы базалық қағида ретінде қарастырады.

Басқа авторлар тобы судьялар мен соттардың тәуелсіздік қағидасын өзгермеушілік, судьялардың мызғымастығын бөлек қарастырып және де оларды екінші топқа жатқызады.

Сонымен қатар конституциялық қағидаларды айрықша бөлу керек, олар (сот әділдігінің қолжетімді болуына құқығы, сот алқасының болуына құқығы, бірінші инстанциясының сот шешімдерін жоғарғы сотта қайта қарауға құқығы және тағы сол сияқты) бөлек топқа жатқызылған адам құқықтары ретінде қалыптастырылған сот билігінің азаматтармен қарым-қатынасын анықтайды, көбісі оларды сот қызмет қағидасының ішінде қамтыланады деп есептейді.

Осы сұраққа қатысты Халиковтің К.Х. пікірі, ол: «...дәл сол уақытта ұйымдастырылуы (сот құрылысы) қағидасы және қызмет (сот ісі) қағидасына бөлінуі дәйекті түрде әдебиеттерде сыналған. Аталған бөліну формальді сипатта болғандығын көрсетеді. Тек қана ұйымдастырылған және тек іс жүргізушілік қағидалар жоқ екендігі белгіленген. Сот билігінің орган ретінде сот қызметінің тәртібі мен сипатын белгілейтін оның ұйымдастырылу тәртібін белгілейді, ал ол өз ішінде сот қызметінің сипаты мен тәртібіне өзіндік белгісін қалдырады» [4].

Қозғалған мәселе бойынша Шварц О.А. өзіндік біртума көзқарасын айтқан болатын. Сот әділдігін тек қана сот жүзеге асыру қағидасын айрықша бөліп, сот ісін әділ жүргізу құқығының элементі ретінде қалған қағидаларды үш топқа бөлді. Өз көзқарасын ол адамның негізгі бостандықтары мен құқықарын қорғау туралы Еуропалық конвенциясының 6-бабының 1-тармағына және де саясаттық

және азаматтық құқықтар туралы Халықаралық пактісінің 14-бабына негіздейді. Осы құқық оның пікірі бойынша мынадай үш түрлі элементтерді қамтиды:

– сот әділдігінің қолжетімділік құқығы (сот арқылы қорғау алу құқығы, сот ісін тек заңда көзделген сотта қарау құқығы және де тағы да сол сияқты);

– сот құрылысына байланысты талап (судьялардың тәуелсіздігі мен сот билігінің институционалдық және функционалдық тәуелсіздігі, заң аясындағы мекеме және соттың бейтараптығы);

– сот рәсімінің құрылысы мен сот талқылауын жүргізуіне байланысты іс жүргізушілік кепілдіктер (жариялық, сот үрдісінің бәсекелестігі) [5].

Осындай ұстанымда сот жұмысының ұйымдастырылуының негізгі бастаулары олардың қызметінен бөлек екендігін көруге оңай. Алайда судьялардың тәуелсіздігіне байланысты кепілдіктерін толық анықтағанымен, кейбір мезеттер онымен қамтылған жоқ. Олардың ішінде, мысалы үшін, судьялардың есеп берушілігі, саясатқа деген бейтараптығы.

Халиков К.Х. осыған байланысты басқа пікірде, оның ойынша, ұйымдастырылуы мен сот қызмет қағидаларының жүйесін тек қана осы қағидалардың мақұлдасу және өзара бағынушылық контекстінде және олардың бір немесе бірнеше басқарушылық қағидаларға бағыныштылығы туралы айтуға болады. Негіздеуші, өзіне ғана бағынышты және де өзара келісушілікті, ал оның пікірі бойынша қалғандары демократия, заңның дұрыс орындалу мен ақиқаттың объективтілігін орнықтыруын қамтамасыз ету және заңдылық қағидалары болып табылады [4].

Сот билігінің конституциялық-құқықтық қағидалары өзара тығыз байланыста және өзара сіңісуде болып табылатындығы сөзсіз. Одан ары олардың көбісі бір мезгілде басқа қағидалардың жүзеге асырылуына кепілдік болып табылады. Сондықтан да тек қана жинақы түрде ғана олар өзінің мемлекетімізде сот әділдігін атқару және сот жүйесінің замандас ізгілік және демократиялық табиғатын көрсете алады.

Аталған қағидалардың көбісі Қазақстан Республикасының Конституциясында өзіндік бекітілуін тапты. Сот үрдісіндегі адамдардың құқықтары адам және азаматтардың құқықтар мен бостандықтары бөлімінде бекітілген. Ресей Конституциясына қарағанда, біздің Конституцияда дәл сол атаудағы бөлімінде сотпен қорғалу құқығы және кәсіби заңгерлік көмекті алу, заңда көзделген жағдайларда тегін берілетін көмек алу құқығы, сонымен қатар сотпен заң алдындағы теңдік қағидасы бекітілген.

Заңды қолданған кезде судьялар жетекке алатын қағидалар, орталықтандырылған түрде «Соттар және сот әділдігі» атты тарауында қалыптастырылған. Олардың кейбіреулері Ресей Федерациясының Конституциясында өзіндік көрінісін тапқан жоқ (мысалы, сотта әрбір тұлғаның тыңдалуы, ұқсастық бойынша қылмыстық заңды қолдану ретсіздігі, діни

қызметкер өзіне сеніммен айтқан тұлғалардың тәубесіне байланысты қарсы күәгерлік етуге міндетті емес). Керісінше, Ресей заңнамаларында біздің Конституциямызда жоқ құқықтық идеялар бар. Оның ішінде лауазымды тұлға немесе мемлекеттік билік органдардың заңсыз әрекеттерінен (немесе әрекетсіздігінен) зардап шеккен тұлғаға, яғни жәбірленушіге оның мемлекет тарапынан алған залалы үшін орнын толтыру, сонымен қатар шешімді жоғарғы сотта қайта қарауға, жазаны жеңілдету немесе рақымшылықты сұрау құқығы болып табылады. Сонымен қатар жеке қағидалардың тұжырымдамасында айырмашылықтар бар. Осыған қарамастан, олардың көбісі дәл келеді, себебі оларды Конституцияға қосу жалпы қабылданған екі мемлекеттердің соттық құқықтық реформасының негізінде салынған және де бұрыннан бүкіл әлем қоғамымен танылған пікір мен құндылықтарға негізделген.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабына сәйкес судья сот әділдігін атқару кезінде тәуелсіз және де тек Конституция мен заңға бағынышты [6]. Бұл негізгі қағида, ол судьялардың құқықтық мәртебесін анықтайды, және де сот билігінің әділетті түрде жүзеге асырылуын айқындайды. Оның жүзеге асырылуын кепілдік ететін басқа да қағидалармен қамтамасыз етіледі. Судьялардың тәуелсіздігі олардың қылмыстық, азаматтық және де басқа істерді шешу мен қарау кезіндегі сырттан басқа біреуден бостығын болжайды. Ешкімнің де судьяның сот әділдігін атқару кезінде қандай да бір нұсқаулар айтуға құқығы жоқ. Конституциялық дәрежеде соттың сот әділдігін атқару кезіндегі қызметіне араласуға жол берілмейтіндігі және осындай араласу үшін жауапкершілік заңдармен орнатылған. Судьяға заңда көзделген жағдайлардан басқа қандай да бір ықпал етуге, соттан тыс қызметтер мен міндеттерді жүктеуге, құқықтық тәртіпті және заңдылықты сақтау, қылмыспен күресу сұрақтары бойынша мемлекеттік құрылыс тізіміне кіргізуге жол берілмейді.

Судьялардың егемендігі мен қол сұғылмаушылығы мәселесі судьялар қауымдастығының арасында және құқықтанушы-ғалымдар арасында да күрделі және көкейкесті даулар мен пікірталастар тудыратын тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі судьялардың егемендігі құқықтық мемлекеттің іргелі қағидаларының бірі және мемлекеттік-конституциялық маңызға ие. Судьялардың тәуелсіздігісіз құқықтық мемлекет болмайды. Керісінше, тарихи тәжірибе көрсеткендей, құқықтық мемлекетсіз шынайы судьялардың тәуелсіздігі де болмайды. Сонымен бірге мемлекеттегі сот әділдігінің сапасының классикалық көрсеткіші болып, судьялар тәуелсіздігінің қағидаларын нормативтік анықтап қана қою емес, оның фактілі орындалуы маңызды.

Судьяның құқықтық мәдениеті негізінен оның білім деңгейімен, біліктілігімен және заңды тәжірибесімен анықталады. Сонымен қатар сот жүйесінің қызметкерлері әрқашанда олардың кәсіби қызметі әртүрлі күштер мен мүдделердің қысымында болатынын естен шығармағаны жөн. Объективті және

субъективті себептерге байланысты жекелеген судьяның қызметі айналасымен белгілі бір қақтығыста болады. Айта кететін басты жайт, судьялармен сот әділдігін жүзеге асыру барысында бірқатар міндеттер атқарылады, олар техникалық сипатта ғана емес, қатаң заңнамалық сипатта да болады. Жоғарыда аталған мәнмәтіндердің негізінде судьялар қауымдастығының өзін-өзі басқару сұрақтары да, соттардың қызметін ұйымдастыру барысында айтарлықтай маңызды рөл атқаратынын айта кету керек.

Бүгінгі күні мемлекетімізде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін нәтижелі қамтамасыз ете алатын сот жүйесі құрылды деп айтуға болады. Республикада жүргізілген құқықтық реформаның қорытындыларының бірі ретінде мемлекеттік механизмдер жүйесіндегі сот билігінің нығаюын және соттардың іс жүзіндегі атқарушы органдар жүйесінен тәуелсіздігін атап өту қажет. Алайда әлі де болса сот жүйесін толыққанды дамыту мен жетілдіру бойынша кейінгі жұмыстар күтіп тұр, себебі Қазақстан Республикасы әлі де құқықтық мемлекетті құрудың сатысында тұр. Бұл арада қоғамдағы, өзінің мүдделерін көздеген азаматтар мен құқық қорғау органдары қатарынан жемқорлықтың көріністеріне ерекше назар аудару керек.

Қорыта келе, сот билігі дамыған демократиялық, құқықтық мемлекет механизмдерінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Мұндай мемлекеттің құрамдас бөліктерінің бірі болып биліктің тармақталуы саналады, ол оның негізгі тармақтарының: заң шығарушы, атқарушы және сот билігі болып егеменді және өздігінен қызмет етуінен көрінеді. Мұндай тармақталудың мәні болып барлық биліктік құзыреттіліктердің бір тұлағаның немесе бір органның қолында шоғырлануының алдын алу болып саналады. Біршама егеменді болып саналатын, мемлекеттік биліктің тармақтары шешім шығарған кезде халықтың, мемлекеттің және жалпы алғанда қоғамның мүдделерін басшылыққа алуы қажет. Осыған байланысты, қарастырылған мәселемізге қатысты академик С. Зимановтың анықтауларына сүйене келе: «...мемлекеттік және қоғамдық өмірде, сот тәртібі ең маңызды болып келеді. Сот шешімін судья заңға сүйеніп, өзі қабылдайды. Судья барлық заңнамаларды басшылыққа ала отырып, әр нәрсені өлшеп, шынайы әділеттілікті басшылыққа алып өз шешімін жарық көрсету керек» [7]. Сонда ғана Қазақстанда демократиялық бағыттағы адамдардың құқықтары мен заңды мүдделері ескерілетін, қорғалатын мемлекет құрылуда деп есептеуге болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Чиркин В.Е. Конституционное право: Россия и зарубежный опыт / В.Е. Чиркин. – М., 1998. – 419 с.
2. Семенов В.М. Проблемы судебного права / Под ред. Савицкого В.М. / В.М.Семенов. – М., 1983. – 12 с.
3. Конституционное (государственное) право зарубежных стран / Под ред.



Страшуна Б.А. – Т. 2. – М., 1995. – 311 с.

4. Халиков К.Х. Проблемы судебной власти в Республике Казахстан (теоретические и уголовно-процессуальные исследования) / К.Х. Халиков. – Алматы, 1998. – 23 с.

5. Конституция Российской Федерации: проблемный комментарий. – М., 2000. – 473 с.

6. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г. – Алматы: Юрист, 2016. – 44 с.

7. Зиманов С. Независимость судьи – фундаментальный принцип правосудия / В кн. Суды и их роль в укреплении государственной независимости: матер. Межд. науч.-практ. конф. 15-16 марта 2001 года. – Астана, 2001. – 17 с.

#### REFERENCES

1. Chirkin V.E., *Konstitucionnoe pravo, Rossiya i zarubezhnyj opyt. M., 1998, 419 (in Russ).*

2. Semenov V.M., *Problemy sudebnogo prava. M., 1983, 12 (in Russ).*

3. *Konstitucionnoe (gosudarstvennoe) pravo zarubezhnyh stran. Pod red. Strashuna B.A., T. 2. M., 1995, 311 (in Russ).*

4. Halikov K.H., *Problemy sudebnoj vlasti v Respublike Kazahstan (teoreticheskie i ugolovno-protsessual'nye issledovaniya). Almaty, 1998, 23 (in Russ).*

5. *Konstitucija Rossijskoj Federacii, problemnyj kommentarij. M., 2000, 473 (in Russ).*

6. *Konstitucija Respubliki Kazahstan ot 30 avgusta 1995, Almaty, Jurist, 2016, 44 (in Russ).*

7. Zimanov S., *Nezavisimost' sud'i fundamental'nyj princip pravosudija. V kn. Sudy i ih rol' v ukreplenii gosudarstvennoj nezavisimosti. Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, 15, 16 marta 2001 goda. Astana, 2001, 17 (in Russ).*

ӘОЖ 35.075 (574)

### А.С. САПАРБЕКОВА, Ж.Б. КИНАШЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру мәселелері қарастырылған. Мемлекеттік басқарудың жағдайын бағалау, талдау мен даму болашағын анықтауда пайдаланылатын бірқатар аспектілер көрсетілген.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік басқару, мемлекеттік аппарат, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік саясат, даму жоспары.

#### ПРОБЛЕМЫ ОПТИМИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В статье рассмотрена проблема оптимизации системы государственного управления в Республике Казахстан. Проанализированы и определены аспекты развития государственного управления, а так же оценена ситуация государственного управления.